



## **«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тан 10 миллиард теңге мөлшерінде транш алу туралы ақпарат**

**Алматы, 14 мамыр 2019 жыл.** «Кселл» акционерлік қоғамы (бұдан әрі «Кселл» немесе «Компания») (LSE, KASE: KCEL) – Қазақстанның телекоммуникациялық нарығындағы жетекші оператор, өз акционерлері мен инвесторларының назарына «Кселл» АҚ және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ арасында бекітілген Шұғыл кредит желісі туралы 2013 жылғы 24 қыркүйектегі келісім аясында 2019 жылдың 8 мамырында 10 миллиард теңге мөлшерінде банктік қарыз шартын жасағаны туралы ақпаратты жеткізеді. Қарызды алу күні – 2019 жылдың 13 мамыры, қарыз мерзімі - 2022 жылдың 12 мамырына дейін, сыйақы мөлшерлемесі - жылына 11%. Негізгі борышты өтеу қарыз мерзімі аяқталған күні біржолғы төлеммен жүргізіледі.

### **Сұранымдар үшін:**

#### **Kcell**

#### **Инвесторлармен байланыс**

Ирина Шоль

Тел: +7 727, 2582755, ішкі 1002

[Investor\\_relations@kcell.kz](mailto:Investor_relations@kcell.kz)

#### **БАҚ**

Наталья Еськова

Тел: +7 727 2582755, қос. 1902

[Pressa@kcell.kz](mailto:Pressa@kcell.kz)

#### **Халықаралық БАҚ**

#### **Instinctif Partners**

Кэй Ларсен, Галина Кулачек

Тел: +44 207 457 2020

### **Компания туралы**

Kcell мобильді дауыстық байланыс, қысқа хабарламалар жіберу қызметтерін, мультимедиялық хабарламалармен алмасу, мобильді контентке қолжетімділік сияқты қосымша қызметтерді (VAS), сондай-ақ деректерді беру, соның ішінде Интернет желісіне қолжетімділік қызметтерін ұсынады. Нарықта компания екі брендпен ұсынылған: нысаналы аудиториясы корпоративтік клиенттер (соның ішінде мемлекеттік мекемелер) болып табылатын Kcell және бұқаралық нарық абоненттеріне бағдарланған Activ.

Компания ҚР-ның бүкіл дерлік аумағын қамтитын өзінің кең ауқымды жоғары сапалы мобильді байланыс желісінің көмегімен қызмет көрсетеді.

2012 жылғы желтоқсан айында Kcell Лондон қор биржасында GDR (жаһандық депозитарлық қолхаттарын) және Қазақстан қор биржасында жай акцияларын сәтті орналастыруды аяқтады. Баға бір GDR үшін 10,50 АҚШ доллары және бір акция үшін 1,578.68 теңге деңгейінде белгіленді, бұл ретте бір GDR бір акцияға сәйкес келеді. Орналастыру Kcell акционерлік капиталының 25%-дық үлесіне сәйкес келетін 50 миллион дана санындағы акцияларды сатуын қамтыды.

2018 жылғы 21 желтоқсанда «Қазақтелеком» АҚ Kcell-дің Telia Company және Fintur Holdings B.V. компанияларына тиесілі 75% акциясын сатып алды.

Алдағы уақытта компания желілік қамтуды кеңейту және жоғары сапалы байланыс қызметін ұсыну үшін өзінің 3G/4G желісін дамытуға инвестициялауды жалғастыруды жоспарлап отыр. Kcell өз өнімдері мен қызметтерін бәсекеге қабілетті бағалармен ұсынып, өнімдері мен қызметтерінің ассортиментін кеңейтіп, өз желісінің сапасын қамтамасыз етіп және өз брендінің құндылығын арттырып, мобильді байланыс нарығында қызмет көрсетудің жоғарғы стандарттарын қолдауға ұмтылады.